

## 3D РЕДАКТОРЫНЫҢ ҚҰРАЛДАРЫ

### 1-тапсырма. Карандашпен сәйкестендір



**Выбор (Таңдау)** қызметі арқылы керекті құралды немесе объектіні таңдайды. Бірнеше объектіні бірден таңдау үшін **Shift** пернесін басамыз.



**Компонент** – таңдалған объектіге компоненттер таңдайды.



**Палитра** – құрастырылған объектіні бояйды.



**Ластик (Өшіргіш)** – құрастырылған объектінің қажетсіз сызықтарын өшіреді.



**Линия (Сызық)** – объектілердің бастапқы схемасын сызуға пайдаланылатын құрал.



**Окружность (Шеңбер)** – шеңбер сызуға арналған құрал.



**Қолмен сызу** – объектіні қаламның көмегімен сызуға мүмкіндік береді.



**Дуга (Доға)** – объектіні құрастыру кезінде доғаларды салуға қолданылады.



**Многоугольник (Көпбұрыш)** – объектіге көпбұрыштар кірістіруге арналған құрал.



**Прямоугольник (Тіктөртбұрыш)** – тіктөртбұрыш сызады.

### 2 тапсырма. Жылжыту арқылы орында



**Перемещение (Жылжыту)** – кез келген объектінің орнын ауыстыруға пайдаланылады. Егер **Ctrl** пернесін басып тұрып жылжытсақ, онда объектінің өзі орнында қалып, көшірмесін жылжытады.



**«Тяни/Толкай» (Тарту/Итеру)** – объектілерге үшөлшем беретін құрал. Таңдаған екіөлшемді фигураны тартқанда, созылып биіктікте пайда болады.



**Вращение (Айналдыру)** – объектіні толықтай немесе оның белгілі бір бөлігін айналдырады.



**Следуй за мной (Соңымнан ер)** – «Тяни/Толкай» сайманының жетілген түрі десек те болады. Объектіні белгілі бір бағыттарға бұрады.



**Масштабирование (Масштабтау)** – объектінің өлшемдерін немесе пропорцияларын өзгертуге арналған.



**Контур (Контур)** – үшөлшемді объектілерге бастапқы контурларды сала отырып, белгіленген аймақты не ішке, не сыртқа тартады.